



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

АСТАНА САММИТІ – Қазақстанның әлем алдындағы беделі

Үстіміздегі жылдың 1-2 желтоқсан аралығында Елордамызда Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалығын қорытындылайтын кезең - Астана Саммиті өткелі отыр. Отандық қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен қарапайым тұрғындардың пайымдауынша, әлемнің назарын туғызып отырған бұл шара мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды. Сондай-ақ, бұл саммит ТМД елдері бойынша тұңғыш ұйымдастырылып отырғандықтан тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қалатын аса ірі маңызды саяси оқиға болмақ. Бүгінде қаншама жыл өтсе де өзінің өзектілігін жоймаған конвенциялар мен ұлы хартиялар тізімі тәжірибеде бар екені анық. Сол тәрізді бұл Астана саммиті де саяси құжат ретінде тарихта қалмақ.



Саммит ең алдымен дүние жүзі елдері алдында Қазақстан Республикасының беделін арттырады. Бүгінде әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарында Астана саммитіне қатысты өзіндік ой-пікірлерін жеткізген мақалар жетіп артылады. Саммитке ЕҚЫҰ ұйымына мүше мемлекеттердің басшылары, басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері келеді деп күтілуде. Осы орайда біздің еліміз үшін, яғни Қазақстан үшін ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету миссиясының, ЕҚЫҰ саммитін Астанада өткізудің негізгі устанымы - әлемнің кейбір аймақтарындағы қақтығыстарды тоқтату, халықтарды бейбіт өмір сүруге алып келу, адамзат байлығы болып табылатын мәдени құндылықтарды дамыту, қырып-жоятын қарулардың барлығына тосқауыл қою, сол арқылы жер жүзінде бейбітшілік, ынтымақ орнату.

жерінде шақырылуын еліміздің абыройы үшін маңызы жоғары екенін түрлі жиындарда үнемі айтып келеді. "Мұндай жоғары деңгейдегі жаһандық басқосуды өткізу Қазақстанның әлемдегі беделін арттырып қана қоймай, елдің дамуына жаңаша серпін береді", - деген еді Елбасы.

Ал мемлекеттік хатшы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев: "Саммит өтетін күндері барша әлем назары біздің елордамызға ауады. Сондықтан да, саммит кезінде БАҚ өкілдерінің жұмыс істеуіне лайықты жағдай жасау мен олардың Қазақстан туралы, Қазақстандағы өмір туралы көбірек мағлұмат алып, тәуелсіздіктің кейінгі жылдарындағы айтулы жетістіктеріміз жайында біліп қайтуы үшін біздің мойнымызға артылатын жауапкершілік жүгі орасан", - деп Астана саммитінің әлемдік деңгейде маңызды екендігін жеткізген болатын. Шетелдік әріптестер де Астана саммитінің ұйымдастырылуын құп көретіндіктерін жасырып қалмады. Мәселен, Ресей: «ЕҚЫҰ саммитінің Астанада өтуі Кремльдің Еуропа қауіпсіздігі туралы жаңа келісім-шарт идеясының жүзеге асырылуына ықпал жасауға қолайлы», - деп есептейді.

2010 жылы ЕҚЫҰ-ның құрылғанына 35 жыл толады. Оған 56 мемлекет мүше. Алыстағы Австралия да оның қатарына енуге тілек білдірді. ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының соңғы саммиті 1999 жылы Ыстамбұлда өтті. Содан бергі уақыт аралығында бірінші рет өткелі отырған Астана саммиті туралы Афинада өткен ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің кездесуі: «Біз Қазақстанның 2010

жылы ЕҚЫҰ саммитін өткізу туралы ұсынысын қолдаймыз. Біз мұндай жоғары деңгейдегі жиынның мазмұны мен маңызына сай қажетті дайындық жасауға назар аударамыз», - делінген декларация қабылдаған болатын.

ЕҚЫҰ саммиті ҚазҰУ назарынан да бір елі қалған емес. Ұлттық университет Астана саммитін - Қазақстан төрағалығының қорытынды кезеңі деп есептейді. Осы орайда 10 қараша күні әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты және Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті - Қазақстан төрағалығының қорытынды кезеңі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелді ашқан ректор Ғалымқайыр Мұтанов: «Бүгінгі көтеріліп отырған мәселенің маңызы өте жоғары. Қазақ халқы үшін бұл әрі мақтанш, әрі абырой», - деп атап өтіп, жетекші білім ордасының басшысы үлкен саммит алдында ҚазҰУ-ға келіп әлемдік оқиғаны сараптаған өкілдерге алғыс айтты. Алқалы жиында Қазақстан Республикасының Бірінші Президентінің Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты, қазақстандық және шетелдік жетекші сарапшылар, ҚР-да тіркелген дипломатиялық миссиялардың, бейүкіметтік ұйымдардың өкілдері бас қосып Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығын сараптап, Астана саммитінің маңыздылығына барынша тоқталды.

Саягул ӘЛІМБЕКОВА

18 қарашада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қалалық жоғары оқу орындарының ректорлары бас қосты. Университет басшылары жиналған отырыста ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары талқыланып, жоғарғы мектептерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы күресу мәселелері тиянақты түрде қарастырылып, оқу ордалары арасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөнінде тәжірибе алмасу мәселелері сөз болды.

Ректорлар жемқорлыққа жол бермейді

Кездесуге Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, ҚазҰАУ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, М.Тынышбаев атындағы ҚазККА, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Тұран» университеті, Каспий университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті және тағы басқа жекеменшік университеттердің басшылары қатысты.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық - заң бұзушылықтың ең үлкен түрі. Өкінішке орай, біздің қоғамда жоғары оқу орындарын жемқорлық жайлап алған деген жадағай көзқарас қалыптасып қалған. Сондықтан біз қоғамға ашық түрде жариялылықты көрсетуіміз керек. Осы орайда бүгін ойымызды ортаға тастап, еркін пікір алмасып, барлық оқу орындарына ортақ мәселені тиянақты шешу жағын қарастырайық, - деді сөз басында ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов.

Бас қосуда жемқорлықтың алдын алуға байланысты баяндама жасаған ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Орынханов университеттің кредиттік технологиясындағы бағалау жүйесіне ешкімнің араласа алмайтындығын айтып, интранет жүйесінде студенттердің үлгерімін ашық түрде бақылауға болатындығын мәлімдеді. Мұрат Орынхановтың айтуынша, интранет жүйесі ашық болғандықтан паракорлыққа жол бермейді. Осы кезекте ЖОО қауымдастығының төрағасы Рахман Алшанов: «Оқу саласындағы алаңдатып отырған мәселелерді алға қойып, жемқорлықты жоюда тәжірибе алмасалық. Мысалы, бізде 28 оқу орнында қашықтықтан оқыту жүйесі жанадан енгізіліп, іске асып келеді. Студент жұмыста отырып-ақ күнделікті оқу үлгерімін бақылай алады. Бұл жемқорлықты жеңуге өз үлесін қосады.

(Жалғасы 2-бетте)

санда: БҮГІНГІ

Ұлттық кітап ісіне - 90 жыл

2-бет



«Жалын» фестивалі таланттарды шыңдайды

6-7-бет



«Ана тілі» аруы мен сұлтаны» байқауының жеңімпаздары

12-бет





■ Бастама

Ректорлар жемқорлыққа жол бермейді

(Басы 1-бетте)

Парақорлықпен алынған баға студентке де оқытушыға да керек емес. Мәселен, бір оқытушыны 95 студент, ал екіншісін 5 студент таңдауы мүмкін, бұл студенттің пән оқытушысын таңдауда да ерікті екендігін көрсетеді. Тексеру жұмыстарын қолға алып, барынша дерттің алдын алу керекпіз», – деген ойды алға тартты.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру мен тиімді инвестицияларды тарту секілді көптеген заманауи үдерістерді баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси әрі қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев басты орынға қоғамдық топтардың жемқорлықпен күрес жүргізуін алға тартып, оның қандай да бір құбылыстары байқалған жағдайда көзін құрту керектігін айтты.

Жемқорлыққа қарсы күрес –



Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды басымдығы. Мұның өзі Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясында көрініс тапқан. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің деңгейі жөнінен посткеңестік кеністікте алдыңғы орында келеді. Оған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын ТМД-да алғашқы болып Қазақстанның қабылдауы нақты мысал. Сондай-ақ еліміздегі мемлекеттік қызмет,

сот жүйесі, құқық қорғау органдары туралы заңнамалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы айқын бағытталған сипаттары бар.

Жиын соңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бас қосқан ректорлар ЖОО білім ордалары туралы қоғамда қалыптасқан кереғар пікірлерді жою мәселелерін жан-жақты талқылап, «жегі құрт» деп танылған жемқорлықпен күресуде бірлесіп қимылдап, тәжірибе алмасуға келісті.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

■ Аккредитация

19 ноября в КазНУ имени аль-Фараби состоялась ежегодная международная конференция по проекту ТЕМПУС «Центрально-азиатская сеть гарантии качества и аккредитации» (CANQA), проводимая Ассоциацией «EdNet» совместно с Национальным офисом ТЕМПУС с участием представителей Министерств образования и науки Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Республики Таджикистан, внутренних и внешних экспертов проекта, а также европейских экспертов из Франции, Бельгии, Финляндии, Польши, Испании.

Независимая сеть гарантий качества и аккредитации в вузах Центральной Азии

Цель проекта – разработка внутренних гарантий качества в каждом вузе. Он позволяет образовательным системам Центральной Азии интегрироваться в международное образовательное пространство. Директор Департамента по академическим вопросам КазНУ профессор Гульнар Балакаева отметила, что по результатам самооценки вуза создается Центрально-азиатская сеть университетов по гарантиям качества предоставляемых услуг.

- Проект весьма продуктивный, потому что преподаватели сами проводят самооценку своих университетов, затем обмениваются опытом. Тем самым каждый привносит свою часть в разработку сети гарантии качества, подчеркнул профессор.

По словам ректора Бишкекской Финансово-экономической академии профессора Абдырахмана Мавлянова, семь лет, как Центрально-азиатские вузы объединены в консорциум и совместно работают над общей проблемой – повышения качества образования и создания независимых аккредитационных центров.

- Пока эти центры находятся под влиянием министерств образования наших стран. Ведущие вузы наших стран пытаются пройти аккредитацию в международных центрах, но пока это вызывает трудности и в финансовом плане. Настало время создать Центрально-азиатскую сеть гарантий качества и аккредитации, - сказал Абдырахман Мавлянов.

В ходе работы конференции будут подведены итоги двух лет работы. В ее рамках будут обсуждены следующие вопросы – работа европейских агентств аккредитации, ее проблемы и тенденции и создания Центрально-азиатской сети гарантии качества (CANQA).

Пресс-служба КазНУ

■ Руханият

Ұлттық кітап ісіне – 90 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Қазақстан баспагерлері мен кітап таратушылары қауымдастығы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті бірлесіп отырып 9 қарашада Ұлттық кітапбасылымның 90 жылдығына арналған «Қазақстандағы кітап басу: жағдайы және даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференция аясында қазіргі кітап баспасы қызметінің жағдайы, кітап саудасы, кітап бизнесіндегі PR-технология, кітаптану, республикадағы кітап оқу және кітап нарығы мәселелері бойынша социологиялық зерттеу жүргізу, баспа ісіндегі дәстүр сабақтастығын дамыту мәселелері қарастырылды. Осырайда «Баспа ісі және БАҚ дизайны» кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы: «Бүгінгі таңда біздің рухани құндылықтарымыз бен мәдени тегіміз жаһандану дәуірінің үрдісінде болып жатқан ақпараттық алмасулардың көлеңкесінде қалмауы үшін



де баспа ісінің ерекше дамуы қажеттілік болып отыр», – дейді. Әрине, баспа ісінің дамуы рухани байлық болып табылатын кітап азығының оқырман тұтынушыға сапалы жетуін қамтитыны мәлім. Осы кезекте: «Кітап шығару – үлкен өнер. Біздер жұртшылық іздеп жүріп оқитын құнды

кітаптарды шығаруға талпынуымыз керек. Қазір кітап дүкендеріне кірсеңіз, 95 пайызы орыс және шетел әдебиетінен тұрады, өзіміздің төл кітаптарымыз жоқтың қасы», – деген Президент әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Әлібек Асқаров осы сала аясындағы өзекті мәселелерді қозғап өтті.

Конференцияның жұмысына ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің өкілдері, республиканың жетекші баспалары мен шығармашылық зиялы қауымдар, халықаралық ұйымдардың серіктестері, ТМД елдерінің кітап палаталарының өкілдері қатысты. Сонымен қатар ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, баспасөз мұрағаты қорының және «Алматыкітап», «Көкжиек», «Ана тілі», «Арман-ПВ» баспаларының кітаптары көрмеге қойылды. Бұл ғылыми-тәжірибелік жиын журналистика факультетінде «Баспа ісі және БАҚ дизайны» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің болашақ қызметінде сапалы еңбек етуіне үлес болары сөзсіз.

Саягұл ӘЛІМБЕКОВА

■ Ректорат

На Ученом совете КазНУ обсудили основные направления воспитательной работы

23 ноября в зале заседаний Казахского национального университета имени аль-Фараби состоялось очередное совещание Ученого совета. Члены Ученого совета обсудили основные направления воспитательной работы университета, проект Устава «Об эндаументе КазНУ им. аль-Фараби», а также проект положения о рейтинговой системе.

В сообщении проректора Ш.Джаманбалаевой «Об основных направлениях воспитательной работы» были подняты проблемные вопросы организации воспитательной работы в университете. В числе основных мер по совершенствованию воспитательной работы были озвучены усиление воспитательной (кураторской) функции эдвайзеров, развитие системы клубной работы со студентами, активизация воспитательной работы со студентами. Важное значение сегодня приоб-

ретает реализация принципа социального партнерства. Должны быть созданы системные связи студенческого самоуправления с кафедрами - через практику эдвайзерско-кураторской деятельности, а также создание клубов при кафедрах. Студенческий актив на факультетах должен тесно работать с заместителями деканов по всем направлениям деятельности. На университетском уровне взаимодействие студенческого самоуправления подразумевает постоянное представительство

членов студенческого актива в заседаниях ректоратов и Ученого совета на уровне обсуждения всех ключевых вопросов, касающихся оптимизации условий процесса подготовки специалиста.

По решению Ученого совета уже к 1 декабря будут сформированы студенческие группы количеством не более 25 человек. За группами будут закреплены кураторы-эдвайзеры, которые несут полную ответственность за воспитательную и идеологическую работу с данной конкретной группой. Ученым советом было одобрено предложение о введении в электронное расписание кураторских часов и проведении их по заранее планируемому тематике по актуальным вопросам организации

учебно-воспитательной деятельности.

Также с 1 декабря будет внедрен регламент еженедельного посещения общежитий деканами, их заместителями по воспитательной работе и ежедневного дежурства профессорско-преподавательского состава в вечернее время. Тем самым, студенты проживающие в общежитиях, получают возможность дополнительного взаимодействия с преподавателями университета.

Далее, первый проректор КазНУ Мукаш Буркитбаев представил вниманию Ученого совета проект «Об эндаументе КазНУ им. аль-Фараби», а также проект положения о рейтинговой системе оценки деятельности ППС, кафедр и факультетов. Рей-

тинговая система будет вводиться в университете в целях стимулирования роста профессионального мастерства, развития творческой инициативы, улучшения результатов труда. Результаты рейтинга будут использоваться руководством университета при принятии решений о продлении контрактов, кадровых назначениях и при определении величины надбавок к заработной плате ППС, заведующих кафедрами, деканам и их заместителям. Тем самым будет внедрен реальный механизм контроля качества профессиональной деятельности профессорско-преподавательского состава университета.

Соб.контр.



Сауалнама

«Қазақстан тағы бір асуды бағындырды»

Сейфулла САПАНОВ,
т.ғ.д., халықаралық қатынастар және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты кафедрасының меңгерушісі:



Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері тарапынан төрағалыққа ұсынылған болатын, әлемдік қауымдастық Қазақстандағы демократиялық реформаларға басты назар аудара бастады. «Қазақстан деген қандай мемлекет, оның сыртқы саяси ұстанымдары қандай, мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев қандай тұлға?» деген сауалдар «нысанаға» алынды.

Әлемдік қауымдастық тарапынан Қазақстанды ЕҚЫҰ-ға төраға етіп ұсынғаннан кейінгі уақытта елдегі саяси – экономикалық реформаларды сынау бір мезгіл тоқтамады. Оның ішінде, әсіресе елдегі мемлекеттік қызмет, саяси сайлаулардың ашық және таза өтуі, сот жүйесін реформалау, БАҚ байланысты жаңа заң жобаларын қабылдау сияқты мәселелер бар.

«ТМД елдерінің ішіндегі, Азия мемлекеттерінің ішіндегі, жалпы мұсылман әлеміндегі осы ұйымға жетекшілік ететін алғашқы ел атану біз үшін үлкен абырой. Сондықтан да біз бұл мәселеге өте жауапты қараймыз. Біз Еуропамен, ТМД елдерімен, Орталық Азия мемлекеттерімен үнқатысуды белсенді ете түсуге септесетін боламыз. ЕҚЫҰ-ның үш «қоржыны» де тиімді жұмыс істеуі үшін біздің ұсынатын нәрсеміз – баршылық» – деп атап айтты Нұрсұлтан Назарбаев.

Төрағалық елдің саяси жүйесін демокра-

тияландыруда бірнеше «батыл» реформаларға баруға және саяси жүйені реформалауда кезек күттірмейтін шараларды қолға алуды талап етті. Мәселен, Қазақстан президенттік республикадан президенттік-парламенттік республикаға өтуді, саяси партиялардың парламенттік партияларға ұласуының алғы шарттарын қалыптастыруды, тәуелсіз БАҚ қалыптастыруды шындап қолға алды. Бұл шараларда Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінен көш ілгері кетті. Мұның бәрі әлемдік қауымдастық тарапынан дұрыс бағалануда. Әрине, демократия жолы оңай емес, бірақ қоғам демократияға дайын емес, қазақ халқына демократия жат деген жаңсақ пікірлер келмесе кетті. Қазақстан азаматтық қоғам құру жолында өзіндік жолды таңдауда.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы аясында көптеген саяси мәні бар шаралар өтті және ЕҚЫҰ шеңберінде орнынан қозғалмай келе жатқан мәселері бойына «қан жүгірді» деп бағалануда.

Әрине, төрағалықтың ең басты жемісі ағымдағы жылдың 1-2 желтоқсанында Астанада өтетін ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекет басшыларының бас қосуы болмақ.

Қазір бүкіл қазақстандықтар осы саммиттің тиімді өтуіне ниеттес десек артық айтпаған болар

едік. Алғаш рет елімізде 56 мемлекеттің басшылары бас қосады. Бұл деген Қазақстан тағы бір жаңа асуды бағындырды деген сөз. Мұндай бас қосу тіпті КСРО кезінде де болмаған оқиға.

ҚР ЕҚЫҰ төрағасы ретінде бұл бас қосуға мүше мемлекеттердің барлығы дерлік қолдаған «күн тәртібін» ұсынуда. Оның ішінде Ауғанстан және аймақтық қауіпсіздік мәселелерін ерекше атап өткім келеді.

Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының бірі аймақтағы саяси қауіпсіздікті сақтау болып отыр. Оның өзектілігін Қырғызстандағы соңғы кезеңдегі орын алған оқиғалар толық дәлелдеп отыр.

ЕҚЫҰ тәжірибесі аймақ қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау мақсатында құрылғанын айту керек. Сондықтан Ұжымдық дипломатия өз тарапынан бұл ұйымның белгілі деңгейде негізгі принципі болғандығы белгілі.

Ал Қазақстан үшін ЕҚЫҰ тәжірибесі осы ұйым шеңберіндегі ынтымақтастықты, қауіпсіздікті сақтаудың және экономикалық дамуға жетудің жолы ретінде қарастырсақ, ал еліміздің төрағалығын пайдалана отырып, Орталық Азия аймағын әлемдік саясаттың негізгі ықпал етуші күштерінің біріне айналдыруды мақсат тұтатыны сөзсіз.

АСТАНА САММИТІ НЕ БЕРЕДІ?

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы қандай жетістіктерге жетеледі? Жақында елімізде ұйымдастырғалы отырған Астана саммиті не береді? Еліміздің жетекші білім ордасының оқытушы-профессорлары осы сауал төңірегінде былайша ой қозғайды. Назарларыңызға ғалымдармен өткен сауалнаманы ұсынамыз.



Алия МАСАЛИМОВА,
д.ф.н., профессор кафедрасы культурной антропологии:

«Это все наши ценности, успехи и достижения»

Председательство Казахстана в ОБСЕ представляет собой эпохальное событие для казахстанского общества. Как мы знаем, деятельность Казахстана как Председателя авторитетной международной организации координировалась приоритетами доверия, приверженности традициям, транспарентности, толерантности. По оценкам многих экспертов, политические инициативы, разрабатываемые социальные проекты, программные документы Казахстана в рамках деятельности в роли Председателя ОБСЕ – есть несомненный успех, большое достижение республики, признание ее заслуг за все 19 лет независимого существования.

Казахстан – один из первых среди государств СНГ удостоился такой чести и это, бесспорно, фактор признания его как лидера Центрально-азиатского региона, стремительно и уверенно, продвигающегося в Европейское сообщество, с амбициозными намерениями – быть конкурентоспособным в числе наиболее развитых стран мира. Наш суверенитет, стабильность, мир, возможность учиться и получать прекрасное образование, открытость миру и возможность самим познавать этот мир, творить, создавать, радоваться и т.д. – это все наши ценности, успехи и достижения. И мы должны гордиться тем, что инициативы нашего Президента находят горячий отклик и поддержку со стороны руководителей мировых держав.

Мы, общество, должны четко осознавать, что проведение такого рода мероприятий позволит создать фундамент целостности национальной культуры, а также осуществлять равноправный диалог в межкультурном пространстве.



Арықбай АҒЫБАЕВ,
з.ғ.д., Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

«Астана саммиті – Қазақстан үшін үлкен мәртебе»

Қазақстанның 2010 жылы Еуроодаққа төраға болуы тәуелсіз мемлекетіміздің беделін дүниежүзілік биікке көтерді. Қазақстанның осындай дәрежеге жетуі – елімізді мекендейтін халықтардың достығы мен бірлігінің, тату тәтті бейбіт өмір сүруінің нәтижесі. Ең бастысы, мемлекетіміздің беделін биікке көтерген Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев деп білемін. Сонымен қатар Астана саммитінің біздің елде өтуі Қазақстанның сапалық саясатының нәтижесі деп білемін. Бұл Саммиттің саяси мәні өте зор. Аталмыш жиын еліміздің берекеcін, ынтымағын, экономикалық дамуын, саяси жетістігін бұрынғыдан да асқақтатып, мемлекетіміздің одан әрі дамуына жарқын қоз ашатыны ақиқат. Мұндай жиынды қазақ жері тұңғыш рет көріп отыр. Бұл жетістікке баріміз де шын жүректен мақтануымыз керек.

«ЕҚЫҰ төрағалығы посткеңестік кеңістік үшін маңызды оқиға»

Шәріпбек ӘМІРБЕКОВ,
с.ғ.д., «Парасат» кәсіподақ комитетінің төрағасы:



ЕҚЫҰ төрағалығын Қазақстан тиімді пайдалануда. ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің арасында бұрыннан әлемге танымал мемлекеттер бар. Олар үшін төрағалық кезектегі шаруа сияқты. Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін бұл өзін әлемге танытудың үлкен мүмкіндігі болып отыр. Сондықтан Қазақстан дипломатиясы үшін бұл әрі сынақ, әрі үлкен тәжірибе.

Қазақстан жалпы соңғы 19 жылдың ішінде түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болды. Оның мақсаты, менің ойымша, үшеу.

Бірінші – экономикалық. Біз шетелдіктерге «бізге келіндер, инвестиция салыңдар» деп отырмыз. Мысалы, Елбасы өткен жолы Германия Канцлері Ангела Меркельді «неміс бизнесмендері Қазақстанда металлургиялық кластер құруына мүмкіндік» бар деп Астанаға арнайы шақырған болатын. Себебі немістердің технологиясы дамыған, қаржысы да бар. Әртүрлі шетелдік сарапшылармен кездесу барысында, біз, Еуропа елдері Орталық Азия мемлекеттеріне неге қызықпай

отыр деген сауалды жиі қоямыз. Менің ойымша, олар Орталық Азия елдеріне, көп жағдайда Ресейдің бұрынғы колониясы ғой деп қарайды. Империализм күйрегенімен ірі мемлекеттер арасындағы «ықпал ету» аймақтарының сақталып отырғаны да шындық. Өйткені олардың әрқайсысының бұрынғы колониялары бар. Біз енді осы стереотипті бұзып, бізге келіндер, инвестиция салыңдар деп отырмыз. Азиядағы тұрақтылық мәселесін көтерудің астарында осы мәселе жатыр. Қай жерде тұрақтылық болса инвестиция келеді. Егер бүкіл Орталық Азияда тұрақтылық болатын болса, инвестиция көлемі де өседі.

Екінші – саяси мүдде. Жас мемлекеттердің барлығы өзін халықаралық аренада көрсете білуі керек. Өзін көрсете алмаған, өзін насихаттай алмаған елге инвестиция бармайды. Қазақстан келесі жылы Ислам конференциясына төраға болмақ. Бұл үлкен жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, саяси имиджді көтерудің бір жолы. Мәселен,

Қырғыз мәселесінде бізбен бәрі есептесті ғой. Егер көрші елдерге ықпалымыз болса, оған көмек бере алатын деңгейде болсақ, бізбен өзгелер де есептеседі. Ал есептесу деген сенің экономикалық мүдденді олардың есепке алуы деген сөз.

Үшінші – қауіпсіздік. Қандай мәселе болмасын оның зардабын жоюдан гөрі алдын алу оңайырақ. Бұл әркімнің қолынан келіп жатқан жоқ. Посткеңестік елдерде осындай деңгейге көтеріліп отырған елдердің бірі – Қазақстан. ЕҚЫҰ саммитінің биыл Астанада өтуі туралы шешімнің өзі Қазақстанның халықаралық ойыншы ретінде үлкен жеңісі деп есептеледі. Әлем мойындаған елдің ұлттық қауіпсіздігінің де негізі мықты болады. Сондықтан ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің мемлекет басшыларының Астанадағы саммиті бұл Қазақстанды әлемге танытудың, мойындатудың және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үлкен бір шарасы деп есептеуіміз керек.

Визит делегации от образовательной системы Турции



10 ноября в КазНУ им. аль-Фараби состоялся визит делегации от образовательной системы Турецкой Республики. В составе делегации наш университет посетили профессор Месут Агюль – ректор Университета Сулеймана Демиреля, профессор Шериф Али Текалан – ректор университета Фатих, профессор Фарух Шен – президент турецко-немецкого общественного фонда. Также среди посетителей присутствовали профессора университета Сулеймана Демиреля – Мурат Карагоз (Турция), Аскар Жумадильдаев (Казахстан), а также проректор университета Сулеймана Демиреля профессор Дандай Исхакоглы, Иылмаз Матылмаш – главный советник университета Сулеймана Демиреля и доктор Мухтархан Оразбай – советник ректора университета Сулеймана Демиреля. Делегацию лично встретил ректор КазНУ академик Галымқайыр Мутанов.

своими исследовательскими программами в области сельского хозяйства, инженерии, медицины, бизнеса и является членом Европейской Ассоциации Университетов и образовательных программ Европейского Союза (Erasmus Mundus, Tempus). Университет Сулеймана Демиреля состоит из 15 факультетов и 29 научно-исследовательских центров ведущие работу в сфере охраны окружающей среды, биотехнологий, энергетики и технологий. Среди контактов одного из главнейших высших учебных заведений Турции можно отметить 30 разных

университетов из 15 стран мира. Выпускниками университета были такие известные люди, как Гейдар Алиев (бывший президент Республики Азербайджан), Йержи Бузек (бывший премьер-министр Республики Польша), Рауф Денкташ (первый президент Турецкой Республики Северного Кипра).

Гости из солнечной страны были приятно удивлены величиим и особым образовательным духом Казахского национального университета. Данный визит является подтверждением признания значимости достижений КазНУ

в области образования и того, что университет в скором времени станет единым целым с мировым образовательным пространством.

В ходе встречи была презентована система образования Турции ректором университета Сулеймана Демиреля. Также были обсуждены перспективы сотрудничества КазНУ имени аль-Фараби с учебными заведениями Турции в целом, в частности, с университетом Сулеймана Демиреля. Встреча с иностранными гостями прошла в дружеской обстановке.

Соб.корр.

Университет Сулеймана Демиреля – общественный университет, расположенный в г. Испарта (Турция). Основанный в 1992 г. универ-

ситет с общим числом студентов более 39000, является четвертым по величине учебным заведением Турции. Университет знаменит

■ Әріптестік

24 қарашада ҚазҰУ-дың отырыс залында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Галымқайыр Мутанов Акиита университетінің (Жапония) профессоры Тошио Мизута бастаған Минералды және Энергетикалық Ресурстарды Зерттеу бойынша Халықаралық орталықтың (ICREMER) делегациясымен кездесті. Сонымен қатар жапон делегациясының құрамын доктор Тсиуоши Адачи (ICREMER) мен доктор Нобуики Масуда (ICREMER) толықтырды. Меймандарды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Галымқайыр Мутанов, бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев, профессор Зұлқайыр Мансұров және биология, физика факультеттерінің декандары қарсы алды.

ҚазҰУ ректоры мен ICREMER делегациясы кездесті

2009 жылдың 1 қазанында құрылған, сондай-ақ Акиита университетінің жанында жұмыс істейтін Орталық Жапонияның ең үлкен архипелагы – Хонсю аралындағы Акиита провинциясының астанасы Акиита қаласында орналасқан. ICREMER ғылыми-зерттеу орталығы инженерия және энергетика салаларында жапондық, шетелдік студенттер мен магистранттарды оқытып, кәсіби мамандарды дайындаумен айналысады.

Орталықтың құрылу мақсаты Жапонияның шикізатпен қамтамасыз етуші Африка және Азия елдерімен достастық қатынастарын орнатуға бағытталған. Қазіргі уақытта орталық әлемнің 15-тен астам елдеріндегі ғылыми-зерттеу орталықтармен ынтымақтасуда.

Кездесуде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Жапонияның білім және ғылым орталықтары арасындағы, атап айтқанда ICREMER орталығымен әріптестік байланысты нығайту жұмыстары қаралды. Мысалы, екіжақты маман алмасу, студенттер мен магистранттарды оқу тәжірибесіне жіберуге жол ашу сияқты өзекті мәселелер ескерілді.

- Біздің университет бірлесіп

жұмыс істеуге әрқашан дайын. Осы уақытқа дейін де Жапонияның бірнеше университеттерімен әріптестік қарым-қатынастамыз. Сіз арқылы ректорларыңызды бізге қонаққа шақырамын. Бүгінгі күні біздің университеттен алты маман Жапония университеттерінде біліктілігін арттыруда. Патент қорғалуы, интеллектуалды жекеменшік, лицензиялау жұмыстары бізді қызықтырады, осы жөнінде тәжірибеалмасуды қарастырсақ», - деді Галымқайыр Мутанұлы.

Кездесуге қазулық студенттерге атомдық энергетикадан 2 апта бойы дәріс оқыған жапондық профессорлар да қатысты.

Профессор Тошио Мизута өз кезегінде қазақ-орыс-жапон халықаралық конференциясын келесі жылы ҚазҰУ-да өткізуді ұсынды. Сондай-ақ Акиита университетіне шақырып, сол жерде қарастырылатын мәселелерді кеңірек талқылап, келісім-шарт жасауға да мүмкіндік болатынын атап өтті.

Кездесу соңында екі жақтан естелік кітаптар мен сыйлықтар тапсырылды.

Еңлік АҚЖІГТ

Қазақстан-Корей білім беру және ғылым мәселелері талқыланды

9 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің отырыс залында Алматы қаласындағы Корея Республикасы Елшілігі Өкілдігінің басшысы, Бас Консул Шин Хён Ын мырза әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Галымқайыр Мутановпен кездесті.

Тараптар кездесуі барысында жоғары білім және ғылымды дамыту мәселелерін, сондай-ақ 2010 жылғы 11 тамызда «МОКПО» Ұлттық университеті (Оңтүстік Корея) делегациясының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкімшілігімен кездесуі барысында кол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдар талқыланды.

Республиканың жетекші жоғары оқу орны Корея Республикасының жоғары оқу орындарымен ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан тұрақты байланыстар орнатқаны белгілі. ҚазҰУ мен корейлік университеттер арасында студенттерді алмасу бағдарламалары сәтті жүзеге асырылуда, оқытушылар ғылыми өтілімдер мен біліктілікті арттыру курстарынан өтуде, Кореяның аса ірі жоғары оқу орындарының танымал профессорлары ҚазҰУ-дың магистранттары мен докторанттарына дәрістер оқып, ғылыми жетекшілік студе, конференция жұмыстарына қатысып, сондай-ақ жоғары білім беру мекемелерін басқару, университетте инновациялық қызметті дамыту салаларында тәжірибемен алмасуда. ҚазҰУ серіктестік қағынас орнатқан Корея университеттерінің ішінде Дэгү университеті, Кангнам университеті, Кьонги университеті, Хангуг шет тілдер университеті, Пусан ұлттық университеті, Ханянг



университеті және т.б. оқу орындары бар.

Жыл сайын ҚазҰУ жоғары мектепте мамандарды дайындаудың барлық деңгейі бойынша Оңтүстік Кореядан (бакалавриат-магистратура-докторантура) студенттерді қабылдайды.

Айта кетерлік жағдай, аталмыш кездесу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Оңтүстік Кореядағы серіктес жоғары оқу орындарымен бірге Кореядағы Қазақстан жылы шеңберінде жүзеге асырылуы жоспарланған шаралардың жалғасы болып табылады.

Сондай-ақ ректор ең басты мақсат кадр дайындау болғандықтан, ақпараттық технологиялар тұрғысынан университет дәрежесін көтеруді қарастыру, оқу жүйесіндегі Оңтүстік Корея тәжірибесіне сүйене отырып, инновациялық экономика негізінде магистранттарды даярлауға баса назар аудару керектігін айта кетті.

Өз тілшімізден

Посольский час на кафедре корееведения

В ознаменование Международного дня студентов на кафедре корееведения состоялся традиционный Посольский час. Открытая лекция Генерального консула, Главы представительства Посольства Республики Корея Шин Хён Ына была посвящена теме «Современное состояние отношений между Республикой Корея и Республикой Казахстан: проблемы и перспективы».

Впервые, побывав на кафедре корееведения, Шин Хён Ын познакомился с преподавателями, а также с материально-техническим оснащением кафедры. Он посетил открытый урок преподавателя Шынар Тоғановой, и с удивлением отметил превосходное владение корейским языком студентами, а также высокой техни-

кой преподавания корейского языка в интерактивном режиме.

Студенты корейского отделения с воодушевлением слушали лекцию Главы представительства, с интересом задавали вопросы. Удивил консула и тот факт, что студенты, первоначально смущавшиеся в беседе с главой дипломатической миссии, постепенно освоились и задавали серьезные вопросы по проблеме объединения Корейского полуострова. Хорошее знание истории, культуры и языка Кореи, как отметил Шин Хён Ын, послужит хорошим инструментом для развития постоянных научных контактов между Казахстаном и Кореей.

Кафедра корееведения факультета востоковедения



ӨРКЕН

Газет ішіндегі

студенттер газеті

ПІКІР-САЙЫСШЫЛАР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Жақында әйгілі Әулиеата жерінде республикалық пікір-сайыс додасы болып өтті. Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері ұйымдастырған сөз мергендерінің додасы елінің ұлы перзенті, нағыз батыр тұлға Бауыржан Момышұлы бабамыздың 100 жылдық мерей тойына арналды. Аталған іс-шарадан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің пікірсайысшы студенттері де қалыс қалған жоқ. Университеттің "Алтын сапа" пікір-сайыс клубының мүшелері филология факультетінің 2-курс студенті Ұлболсын Парманова мен биология факультетінің 2-курс студенті Ақтоты Дихамбаева "ҚазҰУ" фракциясы деген атпен бақ сынауға барды.

Сайысқа Астана, Қарағанды, Көкшетау, Шымкент, Семей, Алматы, Орал, Ақтөбе сияқты қалаларынан жиыны 32 команда қатысты. Турнирдің қызған тұстарын әңгімелесек. Кез-келген турнирдің барысы жартылай финал мен ақтық мәреде қыза түсетіні айтпаса да түсінікті. Себебі "Тұлпардың дүлділі бәйгеде сыналады" демекші 32 фракцияның көшбасында оқ бойы озып шыққан командалардың интеллектуалдық, араторлық, идеялық шеберліктерінің анықталар тұсы – дәл осы сәт. Сонымен, финалда Алматы қаласының "Жас қазақтар" мен Қызылордалық "Жас орда" командасы және Шымкенттік мен Ақтөбелік командалары бақ сынасты. Аталмыш командалар "Бұл палата Қазақстандағы электр энергиясын тиімді өндірудің жаңа механизмін ұсынады" деген тақырыпта ой таластырды. Бұл ойында Шымкенттік команданың "электр энергиясын өндірудегі балама энергия көздерін дамыту" туралы ойлары ұтымды шықты. Сәйкесінше, осы топ жеңімпаз атанып, финалға жолдама алды. Осы уақытта келесі аудиторияда Алматылық "Жас қазақтар" мен Қызылордалық "Жас орда" командалары аталмыш тақырыпта сапалы ойын көрсетті. Бұл ойында Алматылық "Жас қазақтар" командасының электр өндірудегі "Жоңғар Алатауы қақпасында ЖЭС-тер мен СЭС-терді көптеп салудың маңыздылығы" туралы ойлары тұшымды болып, команда финалға шықты. Сонымен финалда анықталған екі команда "Бұл палата Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерей тойын жоғары дәрежеде атап өтуде деп есептейді" деген тақырыпта пікір таластырды. Алматылық команданың "Иә, Баукеңнің 100 жылдығын жоғары дәрежеде өткізіп жатырмыз. Ресейде мектеп пен көше аты берілді, 10 томдық шығармалар жинағы шығарылып жатыр" деген позициясына Шымкенттік фракцияның тарапынан "Жоқ! Жоғары дәрежеде емес. Насихаттау жұмыстары аз. Сонда Баукеңнің шығармашылығын, ерлігін, батырлығын тек жүзге келгенде ғана еске аламыз ба?! Баукеңнің патриоттық тәрбиедегі мақалалары мен кітаптарын осы уақытқа дейін паш етілмегені қынжылтады" деген жалынды жан айқайы мен қарсылықтары көрермендерге де, әділ-қазыларға да ой салды. Төрешілер сараптай келе Шымкенттік команданы жеңімпаз деп таныды. Осылайша, 1-орын Шымкенттік командаға, 2-орын Алматылық "Жас қазақтар" командасына, ал 3-орын Қызылордалық "Жас орда" пікір-сайысшыларына бұйырды. "Ең үздік команда" номинациясы бойынша университетіміздің филология факультетінің 2-курс студенті Ұлболсын Парманова мен биология факультетінің 2-курс студенті Ақтоты Дихамбаева мүшелік еткен "ҚазҰУ" фракциясы марапатталған болатын. Барлығы отыз екі команданың сегізі түрлі номинациялар ("Шешендік өнер" – Ақтөбе; "Интеллектуалды фракция" – Қарағанды) бойынша марапатталды. Номинациялар командалардың араторлық, интеллектуалдық потенциалына, алған спикерлік балдарына қарай берілді. Десек те кез келген пікірсайыс турнирінде жеңген-жеңілген деп бөліну емес, сапалы ой түйу, тәжірибе жинау басты мақсат. Осы ойға ҚазҰУ-дың "Үздік команда" номинациясының иегерлері де қосылады.

Жадыра МҰЗБАЕВА,
Филология факультетінің студенті



ЖАҢА БАСТАМАДА ЖАСТАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

"Жас келсе, іске" немесе жастарға Мағжанша сене білу қай бастамада болсын өзінің оң нәтижесін беретінін тәжірибе көрсетіп жүр. Осы орайда елімізде жастар саясаты да жақсы дамып келеді. Жастармен санасу, жастардың пікіріне құлақ асу болашақ өмірге жарқын бейне берері де шындық. Осы орайда 25 қарашада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов университеттегі Жастар комитеті ұйымымен соның ішінде Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен және университеттегі ең үздік, белсенді студенттермен арнайы кездесу өткізді. Кездесу университет факультеттерінің тыныс-тіршілігін қысқаша баяндама беретін көрмелерді аралаудан басталды. Әр факультеттің студенттері өз оқу орталықтарының жетістігі мен өмірін айтып жатты. Одан кейін университет басшысы белсенді студенттерді ашық түрде пікір алмасуға шақырды. "Өмір бір орында тұрмайды. Ал өмір алға жылжыған сайын талап та, міндет те өзгеріп, ұлғайып отыратындығы заңдылық. Ендеше сіз бен біз болып студенттік қоғамда кездесетін мәселелерді, ұсыныс-пікірлерді талқылап, бәсекеге қабілетті болу үшін біріге жұмыс жасайық", - деді ректор.

Университет басшылығының еркін әңгімеге шақыруы оқу озаттарының көкейіндегі сауалдарын жолдауға жол ашты. Бірі PhD докторантура, магистратура салалары бойынша грант санын ұлғайтуды ұсынса, енді бірі wi-fi жүйесін ретке келтіруді, студенттерді жатақханамен барынша қамтамасыз етуді алға қойды. Сондай-ақ, өз мәселелерін барынша бөлісіп жатқан жастар "Біз" театрының қатысушылары керекті құрал-жабдықтармен барынша қамтылса екен деген сауалдарды ортаға тастады.

Бүгінгі студент болашақ мемлекеттің кепілі екендігін айтқан Ғалымқайыр

Мұтанов жастар тарапынан қойылған әр бір сауалға тыңғылықты жауап беріп, қойылған сұрақтардың оң нәтижеге шешілетіндігін жеткізді. "ҚазҰУ классикалық үлгіден ғылыми стилге көшіп қана қоймай, ғылыми инфраструктураны дамытуға өз үлесін қосу керек. Оны жүзеге асыратын – сендерсіңдер. Сондықтан күш біріктіріп, алдыңғы буын ағалар мен кейінгі буын інілер бірлесе жұмыс істеген жөн", - деген Ғалымқайыр Мұтанұлы студенттерге жақсы оқуға тілектестік білдірді.

Сонымен қатар осы басқосуда "ҚазҰУ қалашығын көгалдандыру" жобасы аясындағы "ҚазҰУ қалашығы - темекіден

азат орда" атты студенттік акция университет басшылығы тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Аталмыш акцияға әр факультет ерекше белсенділік таныту керектігін қадап айтқан ректор салауатты өмір салтын насихаттайтын шараны алдымен биология факультеті қолға алуын тапсырды. Бірнеше тың бастамаларға жол ашқан кездесуде сонымен бірге университет асханаларындағы тағамдардың құрамы мен сапасын жетілдіру, баскетбол алаңын күрделі жөндеуден өткізу, би залдарын заманауи жабдықтау сияқты бірнеше мәселелер өз шешімін табатындығы белгілі болды.

Университет басшылығы мен студенттерінің кездесуінен жастар алдағы уақытта университеттегі Жастар комитетіне, өзін-өзі басқару ұйымдарына жаңаша серпін беріп, оң бастамаларға жетелеуге ұйтық болатындығына сеніммен тарасты.

Үздік университеттің үздік студенттері өздеріне артылған міндет пен жауапкершілікті сезініп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін әлемдік университеттер қатарына енгізуге бірдей күш салысып, еңбектенуге талаптанатындықтарын жеткізді.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

«Достар» КТК командасы жеңімпаз



Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Достар» КТК командасы 10-шы Республикалық КТК (КВН) чемпионатының финалына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Ойында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен қатар Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы Экономика және құқық колледжі, Қазақ қатынас жолдары университеті, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының командалары тапқырлықтарымен сынға түсіп, өнерлерін көрсетті.

«Достар» КТК командасы ҚазҰУ-дың биология факультетінде 2009 жылдың 1 қарашасында құрылған. Команданы биология факультетінің студенттері Бекзат Дүйсенов, Абылайхан Қасымов, Нұрперзент Сығаев,

Әлімсақ Рысбаев, Жәнібек Жұманиязов құрап отыр. «Достар» кыркүйек айынан бастап қазақ КТК лигасында өнер көрсете бастады. 10-шы Республикалық КТК чемпионатының 1/8 ойынында қатысқан 23 команданың 16-сы іріктеліп ширек финалға өтті. Ширек финалда әділ қазылар алқасының шешімімен финалист 7 команда келесі турға өтіп, нәтижесінде ҚазҰУ-дың «Достар» командасы жүлделі 1-ші орынды жеңіп алды. Тапқырлықтарымен көзге түсіп, орынды әзіл мен астарлы қалжың айта білген жеңімпаз студенттерді жақында өткен ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде ректор Ғалымқайыр Мұтанов арнайы марапаттап, кубок тапсырды. Біз де өнерлеріңіз өрге жүзсін деген тілек айтамыз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

17 қараша Халықаралық студенттер күні қарсаңында Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚазҰУ-дың «Жалын» фестивалі мәресіне жетті. Бұл фестивальдің алғашқы кезеңі 8-11 қараша аралығында «Руханият» жастар орталығында бастау алған болатын. Жалындаған жастардың таланттарын паш етіп, өнерлерін ортаға салған бұл сайыс бірінші курс студенттерін шабыттандырғаны анық. Халықаралық студенттер күніне орайлас келген «Жалын» фестивалі ректор Ғалымқайыр Мұтановтың бастамасымен университетте тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Осы орайда университет басшысы «Жалын» фестивалінің ақтық мәресіне арнайы келіп, лауреаттарды марапаттады.



“ЖАЛЫН” ФЕСТИВАЛІ

Киелі өнерге тағзым еткен аталмыш фестиваль университет көлемінде бірінші рет 1-курс студенттері арасында өтіп отыр. Фестиваль дәстүрлі ән номинациясы, эстрадалық ән, лирикалық ән, аспаптық ансамбль, аспапта ойнау шеберлігі, аспаптық әуен, заманауи би, оқиғалы би, ұлттық би, көркем сөз оқу номинациялары бойынша студенттердің өнерлерін байқап, бағалады. Фестивальге қатысқан көркемөнерпаздардың саны көңілге қуаныш ұялатты. Бұл өнер сайысында жастарымыз дәстүрлі ән орындап, эстрадалық әуенді нақышына келтіріп көңілге түрлі ой салар әсем ән мен тәтті күйдің беделін асқақтатты. Аспаптық ансамбль ойнап сала бергенде көрермен көңілі бір шырқап сала берді. Жастарымыздың өнерлінің өрге жүзген күні де осы күн болды. Дәстүрлі әннен бастап заманауи би үлгілері көрініс тапқан бұл кеште көрермен алақаны қолпаштап соғылған шапалақтан босамады. Әнші де, күйші де, биші де әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тоғыскандығын дәлелдеген бұл кеште қасиетті қара домбыра күмбірі көрермен көңілін бір сергітіп тастады.

Бұл кеште ҚазҰУ-лық студенттер Шарадай би билеп, Тәттім-



беттей күй шертті. Студенттер сарайын дүбірлі кешке ұластырып, мерекелік күйге бөледі.

Өнердің киелі ордасы, талай жас таланттарды шындаған Студенттер сарайына жиналған бұқара



бұл күні жас өрендердің дарыны мен мыннан тұлпар шыққан өнеріне тандай қақты.

Фестивальдің бірінші кезеңінде университетіміздегі бірінші курс студенттерінің арасынан 1400-ден аса бірінші курс студенті қатысып, факультетаралық үлкен байқауға ұласты. Бірінші кезеңнен сүрінбей өткен 500-ге жуық сту-

дент келесі сайыста бақтарын сынады. Фестиваль жігер оты жалындаған студенттердің жас дәуренін қызықты өткізіп, жаман әдеттерден аулақ болып, өнерді сүйеге баулыды. Жастардың заман ағымына ілескен зымыраған күндеріндегі бос уақыттар әсерлі ән мен көк нөсер күй, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би

әлемімен қауыштыруды мақсат еткен фестивальдің марапаттау рәсімі мен гала-концерті Студенттер сарайының үлкен сахнасында орын алды. Әсем ән мен тәтті күйді жүрекке жеткізе әуелеткен өнерпаздарды марапаттаған ректор Ғалымқайыр Мұтановтың: «Бұл игі істің тек бастамасы ғана болсын. Студенттік кезеңнің төрт жылында біз сендердің шыңдалған өнерлеріңді басқа қырларынан да танып, тамашалай берейік. Өнерлерің өрге жүзсін!» – деп өзінің ыстық лебізін білдірді. Әрине, дана халық “жігітке жеті өнер де аз” деп қағида айтты емес пе? Кешегі Саранын, бүгінгі Би-бігүлдің ұрпақтары өнерден кенде болмасы анық. Қазақ халқымен тұма талант, дарындылық, өнер деген ұғымдар егіз іспетті. Тек сол қасиетті бағалап, бағдарлай білетін орда болса нұр үстіне нұр. Ал бүгінгі фестиваль Қазақ ұлттық университеті жастарға сапалы білім берумен қатар өнерге де баулитындығын тағы бір кезек дәлелдеп бергені анық.

Ұлттық және заманауи үлгідегі өнер түрлерін ортаға салып, қалың ықыласқа бөленген жеңімпазды анықтау да онайға түспеді. Барлығы дерлік оқ бойы озық, өнердің майталманда-





йынша халықаралық қатыныстар факультетінің студенті Илья Лившиц, аспаптық әуен номинациясы бойынша механика және математика факультетінің студенті Элина Борибаева, заманауи би номинациясы бойынша физика факультетінің «SOMEONE» тобы, оқиғалы би номинациясы бойынша колледж студенттерінің «Kinder of KazNU» тобы, ұлттық би номинациясы бойынша механика және математика факультетінің студенті Әсел Сағалова, көркем сөз номинациясы бойынша журналистика факультетінің студенті Нұрлан Наурызалиев, көркем сөз оқу номинациясы бойынша филология факультетінің студенті Еркін Оспанбек, көркем сөз номинациясы бойынша тарих факультетінің студенті Аян Жолдасов, көркем сөз номинациясы бойынша Халықаралық қатынастар факультетінің студенті Инкәр Амангелді жеңімпаз атанды. «Жалын» фестивалі жас таланттарды шыңдауға олардың өнерін ары қарай дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Байқағанымыздай, университет табалдырығын енді

қатар өнермен өрге жүзіп жүрген Айжан Нұрмағамбетова, Айгүл Иманбаева сияқты өнер жұлдыздары ҚазҰУ қабырғасында жүріп-ақ өнерге шыңдалғанын мақтанышпен айтуға болады. Кешегі игі дәстүр жалғасын әлі де үзген емес. Қашанда өнер сүйер қауымның басын басын Студенттер сарайының киелі сахнасында тоғыстыратын ҚазҰУ студенттерді өнердің әр қырынан жетілдіріп, дамытып отыру үшін жақсы жағдай жасалынған. Ол үшін арнайы Студенттер клубы жұмыс жасайды. Мұнда би, өнер, театр сияқты түрлі үйірмелер жастардың таланттарын шыңдап, қанаттарын қатайтады. Студенттер күніне орай ұйымдастырылған бұл шарадан қазулық студенттер өнерде де, білімде де, ғылымда да алда екендігін куә болдық. Университет басшылығы қашанда өнерлі жастарға қолдау көрсетіп, олардың кәсіби шыңдалуына өзінше бағыт бағдар беріп отыруы біздің студенттеріміздің бәсекеге қабілетті, жан сұлулығына құштар, өнер сүйер азамат пен азаматшалар

ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

Бердалы ЕРМАН,
«Эстрадалық ән» номинациясының жеңімпазы:

— ҚазҰУ ордам - өнердің де ордасы
Күй мен бидің, ән мен жырдың арнасы
Осында жүр ортасында жастардың
Ел таныған дарындардың жалғасы, — демекші, Университетте ректор қолдауымен алғаш өткізіліп отырған «Жалын» жас көркемөнерпаздар байқауында тарих факультетінің атынан шығып «Мерекем» эстрадалық әнін орындадым. Мен, өз бағымды сынамақ болдым. Себебі жастар барлығы да өнерлі, бәсекеге түскен соң, жеңіп шығу әрбір қатысушыға мақсат, белді бекем буып жарысу да оңай емес. Біздің жеңістеріміз бен жетістіктеріміз, ҚазҰУ-ды биіктен көрсету әлі де алда деп ойлаймын.

Ерсін ОСПАҢБЕК,
«Көркем сөз оқу» номинациясының жеңімпазы:

— Мен филология факультетінің студенті Ерсін Оспанбек. Байқау жоғары деңгейде өтті. Ректордың бастамасымен алғаш ұйымдастырылып отырған «Жалын» фестивалі нағыз талантты жастарды анықтады деп ойлаймын. «Тұлпардан тұлпар озар, жарысқанда» демекші, бұл байқаудағы студенттер бір-бірінен асып тұрды. ҚазҰУ-дың атын әлемге танытатын тұлға — ол бүгінгі студенттер. Болашақ — жастардың қолында.

Жаннат ТҮЙМЕШОВА,
«Эстрадалық ән» номинациясының жеңімпазы:

— Эстрадалық ән номинациясы заң факультетінің намысын қорғай шықтым. Бұл фестивалде М.Мақатаевтың сөзіне жазылған Н.Тлендиевтің әні «Саржайлауды» орындадым. Бүгін университет ректорынан байқауға қатысқанымна марапаттау алғаным үшін өте қуаныштымын. Өзім сүйіп орындайтын әндерімнің бірі — осы «Саржайлау» әні. Нағыз әнді әр орындаушы өз икеміне қарай, шама-шарқынша орындап жатады, мен де өз қолымнан келгеннен аяңған емеспін. Бұл байқауға қатысар алдында да көп ойланып, осы әнге тоқталдым. Ән таңдауда өзіме ерік беріп, жанымға жақын, өз орындауыма келеді-ау деген әнге жол беремін. Ал менің орындауымдағы бұл әннің қалай шығарына мына отырған көрермендер мен тыңдармандар өздерінің тарапынан әділ бағасын берсе, мен үшін одан асқан марапаттың болмасы да анық.



және бизнес жоғарғы мектебінің студенті Ботагөз Байсалова, эстрадалық ән номинациясы бойынша механика және математика факультетінің студенті Әсет Арыстанбек, аспаптық ансамбль номинациясы бойынша механика және математика факультетінің студенттік «Математик» ансамблі, аспапта ойнау шеберлігі номинациясы бойынша экономика және бизнес жоғарғы мектебінің студенті Динара Каракулова, аспапта ойнау шеберлігі номинациясы бо-



кеше ғана аттаған өрендеріміздің тұлға бойы тұнған өнер. Киелі сахнаның қадірін түсініп, өнердің маңызын түсінетін жастан рухани бай тұлға қалыптасатыны сөзсіз. Өнерді сүю жастарды әсемділік пен үйлесімділікке, тәрбие мен сезімге бөлейтін аян. Ендеше, «Жалын» өнер байқауы сияқты ізгі шаралар жастарымыздың өміріне шуақ нұрын шашары анық. Үздік университетте сапалы білім алып қана қоймай өнердің жеті түрін меңгеріп, шабытта-нып, марқайып қалары да аян. Бір айтарлығы, киелі білім ордасының студенттері қазірдің өзінде сахна төрінен көрініп, өнерлерімен жұртқа танылып жүргендері бар. Мәселен, Мәдина Садуақасова, Динара Қырықпаева, Аша Матай, Мәлика Есмұхамбетова тағысын тағылар. ҚазҰУ студенттерінен құралған «Бакыт» би тобы, «Фараби» ұлт аспаптар оркестрі, «Біз» студенттер театры да осындай игі шаралардан қалыптасқан білім майталмандарына айналып отыр. Олар бүгінде республика көлемінде танылып, түрлі халықаралық, университетаралық жарыстарда талай-талай биік асуларды бағындырып жүр. Сондай-ақ ҚазҰУ түлектерінің арасында да өз мамандықтарын жетік меңгерумен

қалыптастыруына орасан зор үлес қосары анық. Біз жоғары да аталған жеңімпаздарды құттықтай отырып, өнерлеріңіз өрге жүзсін дейміз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



ры. Алайда жарыс бар жер де жеңіс бар демекші жүйріктерді анықтау басты міндет.

Нәтижесінде дәстүрлі ән номинациясы бойынша механика және математика факультетінің студенті Гүлнұр Азат, эстрадалық ән номинациясы бойынша тарих факультетінің студенті Ерман Бердалы, эстрадалық ән номинациясы бойынша заң факультетінің студенті Жаннат Түймешова, лирикалық ән номинациясы бойынша химия факультетінің студенті Сұлтанбек Тұрғанбекұлы, эстрадалық ән номинациясы бойынша экономика



■ Құттықтаймыз!!!

ҚазҰУ-дың Үздік оқытушылары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 25 мамырдағы шешімі бойынша университеттің 29 ұстазы ҚазҰУ-дың білімі мен ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік оқытушысы – 2010" атағымен марапатталған болатын. Осы орайда қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс тілейді!!!



Минғаш СӘРСЕНБАЕВ,
г.ғ.д., құрлық гидрологиясы
кафедрасының профессоры



Нина САИТОВА, ф.ғ.к.,
саясаттану кафедрасының
доценті



Цой МИОК, кәрістану
кафедрасының аға
оқытушысы



Абдул-хамид МАРХАБАЕВ,
ф.ғ.к., баспа ісі және БАҚ
дизайны кафедрасының
профессоры



Елдос СВАНБАЕВ,
ф-м. ғ.к., бейсызық
физика және электроника
кафедрасының доценті



Эдуард ФРИДМАН,
әскери кафедраның аға
оқытушысы, полковник



Семен СЕРОВАЙСКИЙ,
ф-м.ғ.д., басқару теориясы
кафедрасының меңгерушісі



Ләйла АХМЕТОВА, т.ғ.д.,
профессор ЮНЕСКО
кафедрасының меңгерушісі



Людмила ТОРОХТИЙ, ф.ғ.к.,
шетелдіктерге арналған
тіл және жалпы білім беру
кафедрасының доценті

■ Кафедра

Қазақ қызы әрқашан өзінің әдемі жүрісімен, сыңғырлаған тәтті күлкісімен, ерке қылығымен, ер адамның қос білегіндей жуан әрі ұзын бұрымымен сүйкімді. Қыз баланың сұлулығына Хакім Абай "әй, көркем" деп таңғалды емес пе? Әр қыздың бұл қасиеттері әркімді өзіне тәтті етіп, көрген көздің құмарын қандырады анық.

Сәнге еліктемеңдерші, сіңлілерім

Ал қазір... Қазір бұрымына қарап қызығатын қыздар некен-саяқ. Сәннің жетегіне ерген арулардың шаштары қысқа әрі түсініксіз түстерге боялғанымен қоса өрістегі еркін жүрген төрт түлік секілді иықтарында жайылып жатады.

Қазір күз мезгілі. Кешегі талапкерлер бүгін жоғары оқу орнының табалдырығын аттап, студент атанды. Тус уақытында университет ауласынан көптеген бұрымды, қаракөз қазақ қыздарын көріп қуанып қаламын. Олар өздерінің қылықты, ерке мінездерімен сүйкімді. Кеше ғана ауылдағы мейірімді әжесі мен аяулы анасының тәрбиесін алып келген қыздар сондай инабатты. Көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ ауылдан келген сіңлілерімде қазақи тәрбие мен салмақты мінез басым. Олар «ұят» деген сөздің мағынасын жетік түсінеді. Әулетті жерлерін жауып, қос бұрымдарын артқа өріп жүргендерін көріп қызығамын.

Бірақ, әттеген-ай демеске амал жоқ. Өкінішке орай, сіңділерім, сендер де ертең сәннің жетегіне еріп шаштарыңды иықтан кесесіңдер-ау (шаштарың басқа себеппен кесетін қыздарға еш қарсылығым жоқ). Биік өкшелі аяқ киімдер киіп, денелеріңді жалаңаштайсыңдар. Беттеріңді арзан әрі сапасыз опа-далаптармен бояп өз сәнін кетіресіңдер... Әркімнің өз сүйкімділігі болатынын білсеңдер де, ертең қаланың қыздарына еліктейсіңдер. Алдамшы әдеміліктің артынан жүріп сабақтарыңды да нашарлатып аласыңдар ма деп қорқамын. Уақытша ғана жылтыраған арзан нәрсеге үйір боласыңдар. Пәк, таза жүрекпен келген сендер, уақыт өте келе сұмдық пен оғаш қылықты да үйренесіңдер ме деп алаңдаймын.

Ал енді осыларды керісінше істесе болмас па?! Осы жасқа дейінгі көрген тәрбиелеріңді дамытып, көркем мінездеріңді сақтап қалыңдар. Сендерге қарағанда бұрынғы Жібектерді көргендей қуанып, аналарыңа алғыс айтар болайық, қыздар. Сендерді сүйкімсіз көрсететін сәнге еліктемеңдер!

Гүлнұр АЙТҚҰЛОВА,
журналистика
факультетінің
2-курс студенті,
баспа ісі мамандығы

■ Даңқ

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ туғанына 100 жылы



Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға. Биылғы жыл басталысымен еліміздің барлық өңірлерінде Б.Момышұлының 100 жылдық мерейтойына арнайы іс-шара, мерейтой мен ғылыми конференциялар өтіп жатыр. Соның бір көрінісі 4 қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Халық батыры Бауыржан Момышұлы және қазіргі заман» атты Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты қазіргі заман тұрғысынан қазақ халқының көрнекті қайраткері Бауыржан Момышұлының өмір жолын жан-жақты және терең қарастыру, халық батырының өнегелі мұрасы арқылы Қазақстан Республикасының жастарына патриоттық тәрбие беруді көздеді.

Конференцияға Ресей, Түр-

кия, Қырғызстан, Белоруссия, Өзбекстан сияқты елдерден келген ғалымдармен қатар, Бауыржан Момышұлының өмір жолын және қызметін зерттеген отандық танымал ғалымдар К.С.Серікбаев, М.Мырзахметұлы, М.Қалдыбай және ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов, тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Ш.Жаманбалаева, тарих факультетінің деканы

Ж.Таймағамбетов, ҚР Жазушылар Одағының төрағасы Н.Оразалин, акын Иран-Ғайып және т.б. батырдың аңыз бен ақиқатқа толы ерен еңбектері мен талағай батырлығын баян етті. Сондай-ақ, арнайы шақырылған қонақтар Б.Момышұлының ұлы акын, жазушы Бакытжан Момышұлы және келіні Зейнеп Ахметова да халықаралық жиынның сәтті өтуіне үлес қосты.

Конференцияда Б.Момышұлының 1944 жылғы жаңа жылдық құттықтауы туралы түсірілген деректі фильм көрермен назарларына ұсынылды. Деректі фильм қазақ батыры әрқашан жанымызда болатынын, ешқашан естен кетпейтіндігін дәлелдей түсті. Осы орайда Қазақстан Журналистер Одағының төрағасы Нұрлан



Оразалин: «Жаратылысы ерекше, дүниеге қазақ болып келіп, қазақ екенін дәлелдеп кеткен тұлға. Бауыржан секілді ұлы батырлары қазақ халқын сақтап қалған. Ұлы батырлары, ұлы ақындары, ұлы қасиетті тұлғалары біз білетін тарихты сақтап алып келген. Тахауи Ахтанов айтқандай, «Стандартты дәуірдің шеңберіне сыймай кеткен стандартсыз тұлға». Ноқтаға басы сыймас тұлға десек те болады, қалай айтсақ та жарасады. Өткен тарихымыз біздің жастардың жадында мәңгі сақталды деп сенемін», – деп толғанысты пікірін жеткізді.

Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шыққан әскери және көркем шығармалар, роман-әңгімелер, хикаяттар ел игілігіне айналды. Өз өмірін халқына арнаған елі үшін ерен ерлік жасаған, өнегелі ұрпаққа үлгі болып қалған ұлы тұлға. Туған елінің бақыты үшін күрескен қаһарман перзенттерін халқы шексіз сүйіп, өнегесін үлгі-құрмет тұтады, мәңгілік есте сақтайды. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен батырға «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ 17 ноября – День финансистов

КРУПНЫЕ ФИНАНСИСТЫ В ГОСТЯХ В КАЗНУ

12 ноября КазНУ посетили председатель регионального финансового центра города Алматы Аркен Арыстанов, руководитель аппарата этого агентства Нуржан Кабиев и член совета директоров АО «РФЦА» Ольга Кузнецова. Эта встреча была организована в рамках идеи ректора КазНУ Галимкаира Мутанова о создании в университете крупного научного центра нашей страны. На встречу также пришли администрация университета, преподаватели и деканы экономического и юридического факультетов.

Ректор Галимкаир Мутанов в начале своей речи перед гостями рассказал о предстоящих задачах и целях университета, о работе, проводимой в целях воспитания и подготовки грамотных молодых кадров для развития экономической отрасли Казахстана. «И поэтому такие заседания могут стать хорошей основой и хорошим опытом для наших преподавателей и студентов в рамках создания на территории университета крупного научного центра», – сказал ректор.

Известно, что создание регионального финансового центра города Алма-

ты проходило под руководством президента Нурсултана Назарбаева. Агентство продолжает и сейчас усиленно работать в направлении развития идеи, которую заложил в основе президент нашей страны. На данный момент поставлена задача превращения города Алматы до 2020 года в крупный финансовый центр стран Азии. Председатель агентства Аркен Арыстанов, с увлечением работающий в продвижении данной идеи, сказал: «Деньги остаются и обживаются там, где спокойно, где безопасно. Наша политика – это становление Казахстана как инвестиционно благоприятного и финансово грамотного государства. И в связи с этим мы проводим огромную работу об увеличении финансовой грамотности среди населения».

По словам финансовых экспертов и аналитиков, мировой финансовый центр Лондон в скором времени может лишиться своего статуса, так как рентабельность и финансовая безопасность в туманном Альбионе с каждым днем становится все меньше и меньше. Статус финансово безопасного региона в последние годы перебрался в Шанхай, Гонконг, Сингапур. В данном статусе квот цель и направление работы регионального финансового центра города Алматы

получить свою долю в среде финансово-рентабельных и безопасных стран становится осуществимой задачей.

Агентство в целях увеличения финансовой грамотности среди населения охватывает большое количество проектов и планов. В том числе помощь в становлении населения акционерами крупных финансовых компаний, контроль над финансовым оборотом данных компаний и объяснение будущим акционерам, как получить прибыль, а также другие просветительские работы в финансовой сфере. Финансисты предложили открыть в университете инвестиционный клуб, отметив, что это будет полезно не только для преподавателей, но и для студентов. В свою очередь администрация университета предложила открыть научный центр, который поможет в просветительской работе агентства и будет воспитывать молодых брокеров и специалистов фондовой биржи. В конце этой дружественной встречи стороны договорились о дальнейшей совместной работе с новыми силами и идеями на основе двустороннего договора, подписанного ранее университетом и региональным финансовым центром города Алматы.

Пресс-служба КазНУ

